**Түркістан облысы**
**Қазығұрт ауданы**
**«Айболған» бөбекжай-балабақшасы**

**«Бекітемін»**
**Балабақша меңгерушісі**
**Естауова Б.**

# Варивтивтік компониент

## «МузАрт» Мектеп алды даярлық тобы

## Тақырыбы: «Жас актерлар мектебі»

**2020-2021ж**

## «Жас актёрлер мектебі» вариантивтік компанентінің бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары

1. Мақсаты: бүлдіршіндердің рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
   - ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
2. Міндеті:
   - көркем әдебиетті тыңдауға деген қызығушылығын ояту;
   - жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
   - актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

3. Жаңашылдығы:

- бағдарламада театрлық-ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген.

3-4 жастағы бүлдіршіндердің тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек?

Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейіпкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған бағдарлама бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театрды тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы , яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Сонымен қатар,театр өнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды. Бағдарлама-балалардың іс- әрекетінің сабақтан гөрі басқа бір түрі. Бала дайын көріністі алумен шектелмейді, ол сондай-ақ, оны жасайды, өзі құрастырады. Бағдарламада балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарын дамытуға , таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілерді өздері таңдайды. Сенімділік, балалар мен тәрбиешінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- баланың жеке тұлғасының дамуына әсер етеді.

## Түсінік хат

Бағдарламасы 3,4 жастағы балалардың екі жылдық жұмыс жоспарына сай есептеліп жасалған. Бағдарламада – бұл тәрбиешінің балалармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Балалардың өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну,елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – тәрбиешінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Баланың ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Жоспар жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімініде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша ертегілер мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген.

Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

«Театральдық ойын» бөлімінде баланың тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі. .

«Әдеп пен мәдениет» бөлімінде бала өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу үйретіледі.

Жоспар бойынша жұмыс 3,4 жастағы балаларға аптасына рет жүргізіледі.

## <u>Күтілетін нәтижелер:</u>

Жылдың аяғына қарай бала:

**<u>Біледі:</u>**

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
3. Театр неден пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ,драмалық,опера,балет,музыкалық комедиялар,халықтық)

4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

**<u>Түсінігі болады</u>**

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

**<u>Үйренеді:</u>**

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Назарын аудара білуді
4. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

**<u>Таланттарын үстемелейді:</u>**

1. Кейіпкермен сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қоркудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

**Балалардың қызығушылығына арналған**
**«Жас актёрлер мектебі» вариантивтік компаненттің тақырыптық жоспар**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағаты | Әдебиеттер |
|---|---|---|---|---|
| | | **«Сымбат пен мүсін икемділігі»** | | |
| 1 | Қайдан келдің бауырсақ? Ертегіні сахналауға дайындық | Балаларды нанды қадірлей, қастерлей білуге тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту. Рөлдік ойындар ұйымдастыру | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 2 | «Бір үзім нан» аңызағы кейіпкерлерді анықтау | Балаларға «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақалдың мағынасын ашып түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту. Кейіпкерлерді таңдау | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 3 | «Бір уыс мақта әңгімесі» әгімедегі жағымды кейіпкерді сомдау | Балаларды әңгіме мазмұнын түсініп, мәнерлеп айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. Кейіпкерді табу, сомдауға үйрету | 1 | Ы.Алтынсарин Әңгіме мысалдары |
| 4 | «Бір қазан сүт» Жатқа айту дағдаса | Өлеңді тыңдай білу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Әліппе |
| 5 | « қыз бен мысық» | Ертегіні түсіндіре отырып, балаларды достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 6 | Әке мен бала әңгімесі | Балаларға «Азға қанағат етпесең, көптен құр қаласың» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Үлкенді тыңдауға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Ы.Алтынсарин Әңгіме мысалдары |
| | | **«Театральдық ойын»** | | |
| 7 | Қарлығаштың құйрығы неге айыр? | Ертегіні түсіне білуге, достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 8 | Ұр тоқпақ ертегісі | Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығына бойларына сіңіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | | Қазақ ертегілері |
| 9 | Қызыл телпек ертегісі | Тыңдаған ертегіні естеріне сақтап, мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету. Тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Күншіл үйрек | Балаларға «біреуге ор қазсаң, өзің түсесің» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Әліппе |
| 11 | Кірқоймас өлеңі | Балаларды тазалыққа, еңбекке жақын болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 12 | Дос іздеген бота ертегісі | Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу. Тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 13 | Қаңтар мен ақпан ертегісі | Ертегі арқылы балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 14 | | Балаларға ертегіні оқып таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматия |
| 15 | Ең қымбат байлық | Балаларға «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 16 | Еңбекпен тапқан нан | Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, нанды қастерлеуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 17 | Еңбек пен безгек | Балаларды жалқаулықтан жиреніп, еңбекті сүюге тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 18 | Мақтаншақ қоян | Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 19 | Байлық пен ақыл | Балаларға ертегі оқу арқылы есте сақтау қабілттерін дамыту. Ақылды болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Әжемнің ертегісі |
| 20 | Қасқыр, түлкі, әтеш | Ертегі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Тіл дамыту |
| | | **«Әдеп пен мәдениет»** | | |
| 21 | Қырыққабат пен алма | Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту. | 1 | Балапан журналы №5, 2012ж. |
| 22 | Орман дәрігері | Балалардың құстар туралы білімдерін жетілдіру. Елдің табиғатын сүюге үйрету. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 23 | Ұсқынсыз балапан | Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегіні түсіне білуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Күшік пен мысық | Ертегіні түсінуге, мазмұнын айта білуге үйрету. Рөлге бөліп ойнауға, тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 25 | Балабақша ағаштары | Балаларды табиғатты сүюге, имандылыққа,адамгершілікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Тіл дамыту |
| 26 | Жақсылық пен жамандық | Балаларды жамандықтан жиренуге, жақсылықтан үйренуге тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 27 | Кім неден күшті? | Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Әліппе |
| 28 | Торғай мен түлкі | Ертегіні балаларға көлеңке театры арқылы сахналату. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 29 | Қайырымды қоян ертегісі | Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі етіп, достыққа адал болу қажеттілігін түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Көркем әдебиет |
| 30 | Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі | Балаларды жануарларды сүюге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 31 | Төрт дос ертегісі | Балаларды уақытты бағдарлай білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 32 | Саңырауқұлақ саясында ертегісі | Балаларды достыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 33 | Қысқы баспана ертегісі | Ертегіні оқи отырып балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 34 | Түймекыз ертегісі | Ертегіні оқи отырып табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 35 | Онға дейін санай білетін лақ ертегісі | Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, диалогты сөйлеуге үйрету. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |
| 36 | Сәруар ертегісі | Балаларды ертегі арқылы батылдыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1 | Қарлығаш хрестоматиясы |

| | | |
|---|---|---|
| | алысқа жеткіздім (жол). –Балалар, көзімізді жұмып кілемшемен келесі көшеге барайық. Ұшып келеміз, қандай тамаша, ғажайып әлемге келіп жеттік, көзімізді ашайық.<br>3-слайд. Бұл не?-Әрине, Бәйтерек. Бәйтерек қайда орналасқан?<br>-Астана қаласында. Бізде Астана көшесі бар ма?-Әрине, Астана көшесі - орталық көше. -Неге Астана деп аталады? Себебі біздің Қазақстанның елордасы - Астана қаласы. Демек біздің бас қаламыз. Осы Астана қаласының атына сай бізге көше атауы берілген.<br>4-слайд. Д/о: «Жақсы әдет», «Жаман әдет».<br>Мақсаты: Балаларды «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Үстелдің үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс-әрекеттің не туралы екенін айтып, «жақсы» немесе «жаман» іс-әрекетті ажыратып айтады (Мысалы: Жол бойында ойнап жүрген бала) т.с.с. | Бәйтерек т ралы қысқаша у мәліметпен танысад ы.<br><br>Сурет арқылы жақсы, жаман әдеттерді айтады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар, сиқырлы кілемге отырып, балабақшамызға қайтайық. Сендер қандай әсер алдыңдар?<br>-Мен Ақсу қаласындағы көшелер туралы мәлімет алдым.<br>Сендер ше? | Кілемшеге отырып, ғажайып әлемде ұшып бара жатқан сезімдей елестетеді. Алған әсерлерімен бөліседі. |

## № 16

| | |
|---|---|
| Білім орталығы | Вариативтік компонент |
| Бөлім | Өлкетану |
| Тақырыбы | Жоба-презентация: «Мен тұратын көше» (ата-аналармен жұмыс) |

| | |
|---|---|
| Мақсаты | Өз көшесі туралы ақпараттық материалға сүйене отырып, әңгімелей білу |
| Міндеттері | Өз көшесінің тарихын білу арқылы түсініктерін тереңдетіп дамыту. Ой-өрісін, танымдық қабілеттерін арттыру. Өз көшесіне деген мақтаныш сезімін оятып, сүйіспеншілікке тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Ғимарат, зәулім үй, қаһарман, жауынгер. |
| Сөздік жұмысы | Көше- улица, батыр-герой, жазушы-писатель, ақын-поэт |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әректі |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Ата-аналарды шеңберге шақыру. «Ақсу - туған қаламыз» әнін айту | Шеңберге жиналып ән айтады |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | -Балалар, сендер қай қалада тұрасындар?<br>-Әрине, Ақсу қаласында.<br>Ақсу қаласы қандай тамаша, жылдан-жылға көркейіп келеді. Зәулім үйлер, көптеген көрікті жерлер бар.<br>-Бүгін біз өз ата –аналарымызбен бірге «Мен тұратын көше» атты шағын жобамызды ортаға саламыз.<br>Балаларды ата-аналарымен ортаға шақыру.<br>1-бала: (ата-анасымен) Мен Ақсу қаласында Бауыржан Момышұлы көшесінде тұрамын. Біздің көше өте ерекше, балалар ойнайтын ойын алаңы бар. Біздің көше тұрғындары өте мейірімді.<br>Мен бүгін анаммен бірге өз көшем туралы айтып беремін.<br>Слайдпен жұмыс:<br>-Бұл Бауыржан Момышұлы, ол 1910 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданында дүниеге келген. Ол жауынгер, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы, батыр.Ол көптеген шығармалар жазған.Сондықтан мен көшеммен | -Біз Ақсу қаласында тұрамыз.<br>Балалар ата-аналарымен бірге шығып, дайындап келген жобаларымен таныстырады.<br>Өздерінің көшелерінің ерекшеліктерін айтып мақтанады.<br>Көшесіндегі әсем ғимараттармен таныстырады.<br>Слайд арқылы жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| | мақтанамын.<br>2- сурет. Өз көшесіндегі әсем ғимараттармен таныстырады.<br>-Мынау №1 мектеп біздің көшеде орналасқан. Бұл мектепте көптеген балалар білім алуда. Мен өз көшемдегі мектепте оқитын боламын.<br>2-бала: (ата-анасымен) Мен Ақсу қаласында Сәбит Дөнентаев көшесінде тұрамын. Біздің көше таза, үлкен, ерекше көше. Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей облысының Павлодар уезінің Ақсу болысында туған. Ақын, жазушы, көптеген өлеңдер жазған. Ақсу қаласында Сәбит Дөнентаев атында мәденет сарайы және ол кісіге арналған ескерткіш бар. Біздің көше тұрғындары мейірімді, тату тұрады. Мен тұратын көшеде бірнеше ұлт өкілдері бар. Біз олармен тату-тәтті тұрамыз.<br>Тәрбиеші: -Тамаша, әрине, барлығымыз өз көшемізбен мақтана аламыз.<br>Д/о: «Шаңырақ».<br>Мақсаты: Татулыққа, бірлестікке, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>Шарты: Әуен ырғағымен шығыршықты айнала билейді,әуен тоқтаған кезде шығыршықты (шаңырақты) жылдам жоғары көтереді. Балалар, жарайсыңдар, шаңырағымыз ешқашан шайқалмай, тату өмір сүрейік! | жасайды.<br><br>Шаңырақ ойыны бойынша бірлесе ойнап, көңіл көтереді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балаларды, ата-аналарды мадақтап «Әрқашан күн сөнбесін» әнін қос тілде айту.-Өз көшелерің туралы не білдіңдер? | Ән айтып, сұраққа жауап береді. |

## № 17

| | |
|---|---|
| Білім бөлімі | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Ғалым атамыз (Қаныш Сәтбаев) |
| Мақсаты | Атақты азамат Қ.Сәтбаевтың туған жері, сіңірген еңбегі туралы білім беру |
| Міндеттері | Балалардың зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Мамандық таңдай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу. Туған жеріне, еліне, патриоттық сезімге тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | зерттеу, әңгіме, жұмбақ |
| Билингвалды компонент | ғалым-ученый, көмір-уголь |
| Сөздік жұмысы | көмір, геолог |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Табиғат-біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Табиғатты қорғайтын,<br>Біз әдепті баламыз.<br>Балалар, бүгінгі сабағымыз осы қазақ халқының біртуар ұлы Қаныш Сәтбаев туралы болмақ. (Слайд - шоуды тамашалау. Қаныш Сәтбаев туралы әңгімелейді). Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы<br>12 сәуірде Павлодар облысы Баянауыл ауданының Қ.И. Сәтбаев ауылында дүниеге келген.<br>- Отанымызға, елімізге, халқымызға, табиғи байлықтарымызға тіреу де, сүйеу де, қорған да бола білген академик, ғалым, қоғам қайраткері, Жезқазған мыс рудасын ашуға көп еңбек сіңірген осы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болатын. Ол - қазақтың тұңғыш геолог-ғалымы.<br>Шахтадан оны қазамыз, | Балалар өлеңді бірге қайталайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұмбақтың шешуін табады. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | Пешке салып жағамыз.<br>Үлкен үйді жылытып,<br>Рахатқа біз батамыз.<br>Бұл не? (Көмір)<br>Балалар, жұмбақтың шешуі не болды?<br>Көмір – ол пайдалы қазба.<br>Пайдалы қазбаларды геолог зерттейді.<br>Сөздік жұмысы: геолог, көмір.<br>- Біз бүгін сендермен пайдалы қазбалардың түрлерімен танысатын боламыз.<br>Әңгімелеу.<br>Жанғыш пайдалы қазбаларға тас көмір, мұнай және газ жатады. Тас көмір - ең көп өндірілетін қазба.<br>Сен тас көмірді тек отын ретінде ғана пайдаланылмай, одан басқа да көптеген заттар алынатынын білесің. Оны өңдеу арқылы дәрі - дәрмек, мата бояйтын бояу, әтір, қопарғыш зат, тыңайтқыш, нафталин, пластмасса және басқа көптеген заттар алынады.<br>Бұл пайдалы қазбалардың қасиеттері бірдей ме?-Сондықтан қазір біздер пайдалы қазбалардың қасиеттері қандай екеніне тәжірибе жасау арқылы көз жеткіземіз.<br>Тәжірибе: Таскөмір кесегін қолыңа алып сындырып көр. Сындыра алмайсың. Таскөмір қатты. Енді кесекті балғамен соқ. Ол кішкене кесектерге бөлінеді. Таскөмір морт сынғыш. Отқа салсаң ше? Жанады. Таскөмірді суға саламыз. Не істеді?<br>-Батып кетті. Демек ауыр екен.<br>-Құрамында металл бар ма? –Жоқ.<br>Тұжырым: Ерімейді, судан ауыр, жанады, құрамында металл жоқ.<br>- Пайдалы қазбаларды кімдер | Жаңа сөздерді меңгереді.<br><br>Көмір туралы тәрбиешінің түсіндірмесін тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Тәжірибе жасайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | зерттейді?<br>- Қазақтың тұңғыш геолог-ғалымы кім?<br>-Балалар, біз бүгінгі сабақта қандай мәліметтер алдық? | |

**№18**

| | |
|---|---|
| Білім бөлімі | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Мәңгілік есте |
| Мақсаты | Балаларға жерлестеріміздің есімдерін, өшпес ерліктері мен жеңіске қосқан үлесін дәріптеу |
| Міндеттері | Ел есінде мәңгі сақталатындығын таныту. Балалардың бойында патриоттық сезімін нығайту. Туған жеріне, еліне, патриоттық сезімге тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу |
| Билингвалды компонент | Бейбітшілік-мир, соғыс-война |
| Сөздік жұмысы | Батыр, ержүрек |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Күлімде, күн, күлімде,<br>Жер жасарып көгерсін.<br>Кешегідей бүгін де,<br>Қанат қақсын көгершін | Балалар өлең жолдарын бірге қайталайды. |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | -Балалар, біз қандай елде өмір сүріп жатырмыз?<br>- Сендер қайда келдіңдер?<br>-Бұрын балалар бақшаға, мектепке бара алмаған, өйткені соғыс болған. Сол соғыста аталарымыз, әжелеріміз осындай бейбіт өмір үшін соғысып, жеңіске жеткен. Сол ата-әжелеріміздің арқасында біз осындай бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп жатырмыз.<br>-Мына суреттерге қараңдаршы! Аталарымыз жаулармен шайқасып жатыр.<br>-Сол аталарымыздың бірі - осы Павлодар облысы, Ақсу қаласының | Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | тумасы Қанаш Камзин екен.<br>-Балалар, бүгін мен сендерге Қаныш Қамзин туралы айтып беремін. Ол 1919 жылы 29 қарашада Павлодар облысы Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында (бұрынғы Ермак) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.<br><br>- Қанаш Камзин сендер сияқты кішкентай болған, ол да бала болды, бірақ ер жеткен соң ол майданға барып, жаулармен соғысып, өз өмірін қиды. Сол Қанаш Камзин сияқты аталарымыздың арқасында біз осындай бейбітшілікте өмір сүріп жатырмыз. Батырлығы мен ержүректілігі үшін Қанаш Камзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталған. - Павлодар, Ақсу қалаларында атамыздың атындағы көшелер бар. Балаларға сол көшелердің суретін көрсету. (тәрбиеші балаларға суреттер немесе слайд арқылы көшелерді көрсетеді).<br>Сөздік жұмысы: батыр, ержүрек.<br>Д/о: «Мен - Отан қорғаушымын». Шарты: Балалардың алдарына конверттегі қиылған суреттер беріледі. Жауынгерлердің, әскери көліктің, қарудың суреттерін жинау. Суреттер бойынша әңгімелейді. | Балалар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Жаңа сөздерді меңгереді.<br><br>Қимылды ойын ойнайды.<br><br>Суреттерді тамашалайды.<br><br>Ойын ойнату, әңгімеге тарту. |
| Рефлексивтік - түзетушілік | - Дұрыс айтасыңдар, балалар, барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, | Барлығы бірге өленді шырқайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | ендеше балалардың тілегіне «Әрқашан күн сөнбесін» өлені айтайық. -Бейбітшілік болсын! | |

**№19**

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Сүйікті жазушы |
| Мақсаты | М.Әлімбаевпен таныстыруды жалғастыру, өлеңдерін мәнерлеп айта-білу |
| Міндеттері | М.Әлімбаевпен таныстыру арқылы есте сақтау, өз беттерімен ойлау, әңгімелеуге дағдыландыру, жүйелі мәнерлеп сөйлеуге, өлеңді жатқа айтуға машықтандыру. Жауапкершілікке, бірін - бірі сыйлауға, табиғатты сүйіп, аялай білуге тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Сюжетті суреттер, тірек сурет, бейнетаспа |
| Билингвалды компонент | жазушы-писатель |
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын, жаттау |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық<br><br>Ізденушілік - ұйымдастыруш | Шаттық шеңбер:<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап алайық.<br>-Далада қандай өзгерістер болып жатыр?<br>-Осындай өзгерістер жылдың қай мезгіліне тән?<br>-Біздің қаламыздан қандай өзен ағып жатыр?<br>-Ертіс өзенін көрдіңдер ме?<br>-Жазда кемеге отырдыңдар ма?<br>-Балалар, біз кітап орталығына барып көрейікші, онда қандай жаңа кітаптар бар екен.<br>-Жаңа кітап шығыпты. Бұл - М.Әлімбаев аталарыңның кітабы. Суретін көрсету, | Балалар өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Жыл мезгілінің ерекшелігін айтып әңгімелейді.<br>Кітап орталығына барып, кітапты табады.<br><br>М.Әлімбаевтың суретін көріп танысады. |

| | | |
|---|---|---|
| ылық | | Ойын ойнап, еліміздегі көрікті ғимараттарды атайды.<br><br>Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді. |
| Рефлексивтік-түзетушілік | М.Әлімбаевпен таныс тыру. Оның туған жері туралы қысқаша мәлі мет беру. Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында туған. Жазушы, ақын. 300 өлеңіне ән жазылған. Өлеңдері 38 тілге аударылған.<br>Д/о: «Сиқырлы қоржын». Қоржыннан шыққан суреттерді атап айту. «Бәйтерек», «Бейбітшілік пен келісім сарайы» «М.Жүсіп мешіті» т.б.<br>Сергіту сәті:<br>Аспанға қарап ай көрдік,<br>Төменге қарап жер көрдік.<br>Оңға, солға бұрылып,<br>Егеменді ел көрдік.<br>Бір, екі, үш, бойға жинап күш!<br>Айтқан тілді аламыз,<br>Біз бақытты баламыз!<br>-Енді М.Әлімбаев атамыздың өлеңімен танысайық. Өлеңді оқу, түсіндіру, сұрақ-жауап арқылы талдау. Өлең жолдарын тәсілдер арқылы қайталау. –Балалар, біздің өлеңіміз көктем туралы, ендеше көктемге байланысты әркім өз ойын суреттеп салып көрсін. Тірек сурет арқылы өлеңді қайталау. Кубизмді қолдана отырып жыл мезгілінің ерекшелігін айтып,әңгімелеу. Жыл мезгіліне байланысты жұмбақ жасыру.<br>Қар, мұз еріп, су көбейіп,<br>Сай салаға толады.<br>Бүршік жарып, жарық ашып,<br>Гүл, бәйшешек басады. (Көктем)<br>Жапырақты бояды, | Өлеңді қайталап айтады,сұрақтар қояды.<br><br>Көктемнің суретін салады.<br><br>Өлеңді тірек сурет арқылы қайталап айтады.<br><br>Жұмбақ шешіп үйренеді.<br><br>Қосымша сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Атырапты бояды.<br>Бояп - бояп барлығын<br>Сап - сары ғып қояды. (Күз)<br>Суда мұз бар,<br>Жерде қар бар.<br>Боран борап соғады,<br>Бұл қай мезгіл болады? (Қыс)<br>Өлеңді жатқа айту.<br>Қосымша сұрақтар қойып, сабақты қорытындылау, бағалау. | |

## №20

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | «Кинотеатр әлемінде» (сюжетті-рөлдік ойын) |
| Мақсаты | Шәкен Айманов туралы мәлімет беру. Сюжетті-рөлдік ойын арқылы рөлге енуге дағдыландыру |
| Міндеттері | Кинотеатр туралы білімдерін кеңейтіп, сахналап беруге үйрету. Балалардың кинотеатр жайында білімдерін бекітіп, кинотеатр қызметкерлері жұмысының ұжымдық қатынасын көрсетіп, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Әртістік шеберліктерін арттыру |
| Көрнекіліктер | Суреттер, интерактивті тақта, әріптер, мамандықтың құралдары |
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, сахналау, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын, ойлау |
| Сөздік жұмысы | Режиссер |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушылық-ізденушілік | Шаттық шеңбер:<br>Ісім оңсын десеңіз,<br>Сол істің маманы болыңыз.<br>Даңқым шықсын десеңіз,<br>Көпшіліктің адамы болыңыз.<br>-Балалар, кино көргенді ұнатасыңдар ма?-Жуырда қандай кино, мультфильм көріп едіңдер?<br>-Кинотеатрда болдыңдар ма?<br>-Кинотеатр дегеніміз не? -Онда адамдар не істейді -Endeше | Балалар шаттық шеңберіне жиналып, өлең жолдарын қайталайды.<br><br>-Иә, жақсы көреміз.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Кинотеатрда кино, |

| | | |
|---|---|---|
| | бүгін сабағымызда кинотеатр әлеміне саяхатқа аттанамыз!<br>Театр орталығына бару.<br>-Балалар, Павлодар қаласында қандай кинотеатрлар бар екен?<br><br><br>-Ш. Айманов деп неге атаған?<br>-Ол кісі кім екенін білгілерің келе ме?<br>(бейнетаспаға көңіл аударту)<br><br>- Шәкен Кенжетайұлы Айманов (1914 ж. 15 ақпан — 1970 ж. 23 желтоқсан) — қазақтың әйгілі актері, режиссер. -Қазір біз фильм қоятын боламыз. «Алдар Көсе» киносын рөлге бөлініп, көрсететін боламыз (үй тапсырмасы). -Режиссер, әртіс, оператор, декоратор, костюмер боласыздар. Киноны түсіретін адам - режиссер. Балаларға дайындалған құралдар таратылып, ойын басталады.<br>Д/о: «Мен кинотеатрда не көрдім?». Мақсаты: кинотеатрдағы қызметкерлер мен атрибуттарды атай білуге үйрету.<br>«Сұхбат алу» әдісі. | мультфильмдер көрсетеді.<br><br>Жаңа сабақпен танысады.<br>Театр орталығына барып, жайғасып отырады.<br>-Ш.Айманов, Ертіс, Синема кинотеатрлары.<br><br>-Атақты режиссер, актердің есімімен аталған.<br><br>Балалар теледидардан слайдқа көңіл бөледі.<br>Ш.Аймановтың өмірбаянымен танысады.<br><br>Балалар рөлдерге бөлініп, атрибуттарын алып, өз жұмыстарына кіріседі. Ал қалған балалар орындыққа жайғасып, тамашалап отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивті-түзетушілік | Сұрақтар қоя отырып сабақты қорытындылау.<br>-Бүгін сабақта не істедік?<br>-Кинотеатр дегеніміз не?<br>-Қандай атақты адаммен таныс болдыңдар?<br>-Балалар, әртіс болу оңай ма?<br>-Неге деп ойлайсыңдар? | Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. |

**№21**

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Өлкемнің қара алтыны.<br>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қала көлігі» |
| Мақсаты | Мұнай-өңдеу зауыты өңдейтін автобензин, пайдасы туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Өлке туралы білімдерін кеңейту, жол қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту, өлкені танып білуге қызығушылықтарын арттыру |
| Әдіс-тәсілдері | Дидактикалық ойындар, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу |
| Көрнекіліктер | Суреттер, слайд, ойынға арналған атрибуттар |
| Билингвалдық компонент | Мұнайшы-нефтянник |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| мотивациялық<br>-қозғаушылық<br><br>Ұйымдастыру шылық-ізденушілік | -Балалар, бүгін бізге Дымбілмес келіпті. Ал, бізге сонау жақтан қалай жеттіңіз? (Дымбілмес өзінің қандай көліктер арқылы жеткенін жұмбақ арқылы жасырып айтады. Шешімдерін табу арқылы бүгінгі тақырыпты ашамыз.) Төрт аяғым дөңгелек,<br>Адамсыз мен жүрмеймін,<br>Барлық жерге жеткізіп, Қаласаңыз апарам. (Машина) Дымбілмес: мен, әрине, машинамен келдім, басқа тағы немен, -деп таңқалды. Осыдан кейін Дымбілмеске көліктер жайлы түсінігін бекіту үшін дидактикалық ойындарды ойнауға кірісеміз.<br>Д/о: «Жер, су, әуе». Балаларға көлік түрлері көрсетіледі, оның түрлерін карточка арқылы көрсетеді.<br>Д/о: «Не артық?». Балалардың алдына үш сурет қойылады. Ал, балалар оның ішінен артық затты алып тастайды. (ұшақ, зымыран, *жүк машинасы).*<br>Дымбілмес: мен сонша көлік бар екенін білмеппін. Тәрбиеші: Дымбілмес, осы көліктер қалай жүретінін білесің бе? Көліктерді жүргізу үшін бензин керек. Дымбілмес: мен осыны да білмеппін-деді. Тәрбиеші: - Біздің өлкеміз Павлодар облысында мұнай-өңдеу зауыты бар. Мұнай-өңдеу зауыты бензин өңдейді, сондықтан көліктер кедергісіз жүре алады. Жанармай, бензин болмаса, барлығы тоқтап қалады. Жағдаят: Көліктер жүрмесе не болады? Бензинді шығару үшін мұнай өнімін өндіретін адамдарды мұнайшылар деп атайды. Балалар, біз қандай бай өлкеде тұрамыз, өз өлкемізді мақтан етуіміз керек. Дымбілмес Мен түсіндім, бензинді жанармай құю колонкасынан алуға болады. Тәрбиеші: Тамаша, дұрыс. | Дымбілмеспен амандасады.<br><br>Балалар жұмбақ шешеді.<br><br>Дымбілмеске көліктер жайлы түсінік береді.<br><br>Ойын ойнайды.<br><br>Балалар әңгімеге қосылады.<br><br>Қарындашпен тапсырма орындайды.<br><br>Толық жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивті-түзетушілік | Д/о: «Көлікті толықтыр». Балалар көліктердің жетіспейтін бөліктерін салады, атап береді. Балалар Дымбілместің қоржынындағы белгілердің мағыналарын түсіндіреді. «Шындық, жалған». Балалар шындыққа сай келетін және келмейтін сөйлемдерді айтады. Балалар бағдаршам арқылы оның дұрыс, дұрыс еместігін айтады. «Саяхат». Мақсаты: Туған жердің көрікті жерлері туралы білімдерін бекіту. Балалар екі қатарда тұрған орындықтарға отырады, бірінші орындықта «жүргізуші» отырады, оның қолында рөл бар. Бір бала бағдаршам костюмін киіп тұрады. Балалар: Біз орындарға отырамыз, Терезеге қараймыз, Жүргізуші педаль басты. Автобус тез жүрді.<br>Бағдаршам: Тұр! Қызыл түс жанды<br>Жол жабық,<br>Терезеден қараңдар,<br>Кішкене бір ойлаңдар. Бұл қандай мекеме? (Қандай көше, ескерткіш және т.б.) (Балалардың жауаптары).<br>Бағдаршам: Жасыл түсті жағамын, сіздерді мен жіберемін. Балалар туған қала (ауылы) бойынша саяхат жасап, балабақшаға оралады. | Бағдаршам көздері арқылы анықтап көрсетеді. |

## №22

| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
|---|---|
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Зәулім мұржа |
| Мақсаты | Көмір өндіру, электр-жылу энергиясын шығаратын Екібастұз ГРЭС-і туралы мәліметтер беру |
| Міндеттері | Өлке туралы білімдерін кеңейту, патриоттық сезімдерін ояту, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту, өлкесін танып білуге қызығушылықтарын арттыру |
| Әдіс-тәсілдері | Дидактикалық ойындар,ойын-презентациялар, ребус, эксперимент |
| Көрнекіліктер | Суреттер,слайд,ребус,электр шамы,су диірмені |
| Билингвалдық компонент | Мұржа-труба |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br>Ұйымдастырушылық-ізденушілік | -Балалар, біз қай елде тұрамыз?<br>-Өлкеміз қалай аталады?<br>-Берілген ребусты кім шешіп көреді?<br><br>-Мұржа не үшін қажет?<br>-Мен сендерге әлемде қандай мұржалар болады екенін көруге шақырамын. Мына сиқырлы алма бізге қазір оларды көрсетіп береді. Алмаға сиқырлы сөздерді айтайық: «Домала, алма, домала. Қалағанымызды бізге көрсетіп бер».<br>- Гиннес кітабы туралы естігендерің бар ма?<br>-Жаңа көрген мұржалардың ішінде Гиннес кітабына енген мұржа бар.<br><br>Солнечный кентіндегі ГРЭС-2 мұржасы әлемдегі ең зәулім электр станция мұржасы ретінде Гиннестің рекордтар кітабына тіркелген. Биіктігі 420 метр. Оны елде Мұржа-Ханым деп атайды. Егерде Эйфель мұнарасымен салыстырсақ, Мұржа-Ханым әлдеқайда биік! | Қазақстанда.<br>Павлодар облысы.<br><br>Мұржа.<br><br>Мұржа-пештің жалғасы, түтін шығарады.<br>Презентация: «Әлемдегі мұржалар».<br><br>Гиннес кітабына адамның,жануардың, табиғаттың т.с.с. жеткен жетістіктері,өзгелерден ерекшелендіретін күйі,қалпы жайлы жазылады. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Электр станциялар қала үйлерін жарықпен, жылумен қамтамасыз етеді.<br>Д\о: «Электр техникалары».<br>Мақсаты: электр техникаларын ажырату, қосымша ақпарат алу.<br>-Электр қуаты трамвай, үтік, шәйнек, тоңазытқыш, кір жуғыш машиналарды жүргізеді.<br>Электр қуатын электр станциясында генераторлар өндіреді. Генератор күні-түні тоқтамай жұмыс жасау керек. Генераторды турбиналар айналдырады, ал турбиналарды қайнаған судың буы айналдырады.<br><br>Қазір біз эксперимент арқылы энергия қуатын бақылап көреміз.<br>№1 эксперимент.<br>Мақсаты: шамдағы энергия қуатын анықтау. Эксперименттің барысы:Үстел шамын резеткеден алып тастадық. Шамға не болды? Ал енді шамды тоққа қосамыз. Не болды? Шам ішіндегі жіпке назар аударыңдар. Ол қызады да, айналасы жарық болады.<br>№ 2 эксперимент.<br>Мақсаты: бу қуаты да су қуаты тәрізді жұмыс жасайтынын көрсету. | Шарты: шеңбер бойымен суреттер орналасқан. Бала ортадағы шеңбер тілін айналдырады. Тіл қайда тоқтаса, сол суретті алып атайды. Суреттің электротехникаға жатады ма, жоқ па екендігін айтады.<br><br>Жанбайды.<br><br>Жанды. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | Эксперимент барысы: су диірменге су құйғышпен су құю. Не көріп отырмыз?<br>Дәл солай, бу да электр станцияда турбиналарды айналдырады<br>Сендердің алдарында түрлі суреттер бар, сол суреттердің ішінен Екібастұз қаласының электр-жылу станциясына қатысты коллаж жапсырайық. | Диірмен қозғалады.Оны су күші айналдырады.<br><br>Әр балада екі суреттен: біреу коллажға қатысты, біреу қатысты емес. |

**№23**

| | |
|---|---|
| Білім орталығы | Вариативтік бөлім |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Балқытушы сиқыры |
| Мақсаты | Ақсу ферроқорытпа зауыты туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Балқытушы маманы туралы білімдерін жетілдіру, туған өлкені танып білуге ынталарын қалыптастыру.Ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Ата-аналарының мамандығына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Түсіндіру, сұрақ- жауап, ата- аналармен интерактивті жұмыс |
| Көрнекіліктер | Суреттер, бейнетаспа |
| Сөздік жұмысы | балқытушы, ферроқорытпа зауыты |
| Биллингвалдық компонент | балқытушы –плавильщик, әйгілі –знаменитый, мақтан тұтамын –горжусь |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br>Ізденушілік – | Балалалар, сендердің ата-аналарын қайда еңбек етеді? Олардың мамандығы қалай аталады? Тамаша, балалар.<br>Балалардың назарын темірге аудару.<br>Балалар, бұл не? Темір қандай? (Балаларға ұстап көруге ұсыну)<br>Оны сындыра аламыз ба? Неге?<br>Ал егер мен темірді пешке қойсам, жана ма? Неге? Слайдқа | Балалар педагогті мұқият тындап, сұрақтарға жауап береді.<br>Темір – мықты, ауыр, судан да, оттан да қорықпайды.<br><br>Қонақпен амандасады. |

| | | |
|---|---|---|
| ұйымдастырушылық<br><br>Рефлексивтік-түзетушілік | көңіл аудару. Мына бейнеде не көріп тұрсындар? Бүгін бізге қонаққа Арсеннің әкесі – Замир Мейірманұлы келді. Замир Мейірманұлы бізге өзінің мамандығы туралы әңгімелеп береді. Замир Мейірманұлы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар. Балалар, бізге темір керек пе? Темірден не жасалады? Неге бұл заттарды темірден жасайды? Мен бүгін өзімнің мамандығыммен мақтанғым келеді. Мен әлемге әйгілі Ақсу ферроқорытпа зауытында балқытушы болып еңбек етемін. Балқытушы темірді үлкен пештерде балқытады. (Слайдқа назар аударады). Жұмыс кезінде пештің ыстығы 1900 градусқа дейін барады. Ол өте ыстық. Темірді сындырып, кесуге өте қиын, себебі темір өте мықты. Сол үшін бізге өте жоғары градус қажет. Осындай күрделі және қауіпті жұмыс жасау үшін арнаулы киім киеді. Суретке назар қойып, түсіндіреді. Балқытушының киімі қалың, арнаулы матадан жасалады. Басымызға каска киеміз, бетімізде арнаулы шыны болады. Қалай ойлайсындар, не үшін арнаулы киім кию керек? Балқытушының мамандығы өте ауыр жұмыс болғанымен, оның өзінің қолайлы жақтары да көп. Қатты темірді адам балқытып, өзіне керек пішінге келтіреді. Балқытып жатқан темір өте әдемі көрініс! Біздің балқытушылар бүкіл Қазақстан және өзге елдерге темір дайындайды. Ақсу ферроқорытпа зауыты бүкіл елге танымал! Мен егеменді елімізді көркейтіп, | Темір өте қажет. Құрылыста, үй тұрмысында, көліктерде, ыдыста, жиһазда, ойыншықтарда, арнаулы киімде – барлық жерде темірді пайдаланамыз.<br><br>Жаңа сөздерді бірнеше рет қайталап, естерінде сақтайды.<br><br>Слайдтты тамашалап, қонақты мұқият тындайды. Таңғалады.<br><br>Балқытушының арнаулы киімін тамашалайды.<br><br>Осындай киім адамды оттан қорғайтынын айтады.<br><br>Ойын ойнап, түрлі мамандардың киімі туралы әңгімелейді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балқытушы – нағыз батыл, еңбекқор, мықты, күшті, әдемі, ақылды, патриот, мейірімді деп жауап береді.<br><br>Біздің Арсен әкесімен мақтанып, тақпақ айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | қаламыздың әсемдігіне өз еңбегіміз арқылы қол үшін тигізіп жүргеніме бақыттымын!<br>Еңбегіне жауапкершілікпен, патриот сезіммен қараса, адам бақытты болады.<br>Д/о: « Сиқырлы бас киімдер».<br>Балаларды бас киімдерге қарап, қай маман киеді екенін екенін атап беруге тарту.<br>Балалар, менің мамандығым қалай аталады?<br>Мен қайда еңбек етемін? Қандай арнаулы киім киемін? Арнаулы киім не үшін керек? Темір не үшін қажет?<br>Ойын: «Балқытушы қандай?».<br>Балаларға балқытушышың бас киімін кигізу. Кімнің басына кигізілді, сол бала балқытушы қандай екенін айтады.<br>Замир Мейірманұлы балаларды мадақтайды. Балалар, сендер дендерін сау болып, білім алып, ақылды, патриот, еңбекқор болсаңдар, нағыз бақытты боласыңдар! | Танымал бүкіл елге,<br>Ақсуымда зауыт бар,<br>Сонда әкем еңбектенер,<br>Мен өте мақтан тұтам.<br>Менің әкем ең мықты- ол темірді жеңеді! |

**№24**

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Жоба-презентация: «Мамандықтың бәрі жақсы» |
| Мақсаты | Балалардың білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту |
| Міндеттері | Мамандықтардың түрлері туралы түсінік беру, әңгімелеп беруге үйрету. Байланыстыра сөйлеу мен тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру. Жерлестерін құрметтей білуге тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Суреттер, интерактивті тақта, сызба, кесте, кубизм ойыны, әріптер, мамандықтың құралдары |
| Сөздік жұмысы | «Мамандық» сөзіне анықтама беру.<br>Профессия - латын сөзінен шыққаң «professio»- анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді |

| | |
|---|---|
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын, ойлау |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Шаттық шеңбер:<br>Ісім оңсын десеңіз,<br>Сол істің маманы болыңыз.<br>Даңқым шықсын десеңіз,<br>Көпшіліктің адамы болыңыз.<br>Бейнебаян: «Мың түрлі мамандық». Мақсаты:берілген мамандықтарды сипаттай алуды меңгерту. -Мама мі: - адамның ең бек қ үрі -Біздің таңдауым лі. - Біреуіміз ақын, е инженер, енді бір құрылысшы бол ін. Жаман мамандық Мамандықтың б -Мамандық деген Балалардың пікір ды (кубизм ойыны ар қтар қойылады)<br>• - Біздің болаша ін мамандығымызд<br>• - адамның бола тын жолы;<br>• - адам маманды жұмыс істейді;бо<br>• - оқуды бітірген таңдайтын маман<br>Мамандық деген<br>Ассоциация: Кәс , Шығармашылық лық, Еңбек көзі.<br>-Туған өлкеміздің көптеген атақты жерлестеріміздің мамандық иелерімен таныс боламыз. Қазақстанға еңбегі сіңген көптеген ұлы адамдар, осы өңірден түлеп ұшқан. (Жоба- презентацияны ортаға салу, таныстыру) а | Шаттық шеңберіне жиналып, өлең жолдарын қайталайды.<br><br><br><br><br>Бейнетаспа арқылы мамандық түрлерімен танысады.<br><br><br>Жаңа тақырыппен танысады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кубизм ойыны арқылы сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | Қаныш Сәтбаев. Қазақ халқы мен Қазақстан тарихында академик Сәтбаев, жер қойнауының сырларын жақсы білетін, көрнекті ғалым-геолог. Шәкен Айманов - актер, режиссері. алғашқы қазақ киноэргұлан. Ол Әлкей Хақанұлы М көптеген білім кті өкілі: салаларының көрнегану, этнография, шығыс өнертану. тарих, әдебиеттану, йғыров — Сұлтанмахмұт Тора ы, демократ. көрнекті қазақ ақын оқин Шафик Шоқыұлы Цстандық кеңестік және қазақмитрий ғалым-энергетик. Дәв белгілі Поликарпович Бага анушы. фотосуретші , өлкет в — аса Жүсіпбек Аймауытф әрі сазгер, дарынды адам, актеэпеев режиссер болған. К ын, фольклор Мәшһүр-Жүсіп – ақинова жинаушы. Шамсутдозитор. Сөздік жұмыс «Мамандық» сөзіне анықтама беру. Профессия - латын сөзінен шыққан, «professio»- анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді. жұмыс «Менің кім болып жақсаты: істейтінімді тап». Мы білімдерін Мамандықтар туралырысы: Әр бекіту. Ойынның б амандықты бала қандай да бір м қалғандары ойлап жасырады, алалар бір-оны табу керек. Бал алғандары бірден шығады, ал ктарына сұрақ қояды. Жауапә» немесе байланысты бала «иреді. Осы «жоқ» деп жауап бер жауаптардан балалақажет. «Ең жақсы» ойыны. | Өз ойларын ассоциация арқылы жеткізеді. Суретпен жұмыс жасайды. Презентацияны теледидар арқылы тамашалайды. Әр түрлі мамандық иелерімен танысады. Жаңа сөзбен танысады. Ойын ойнау Қатысушылар екі командаға бөлінеді. Әрбір командаға мынадай нұсқау беріледі, балалар берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айтады. Балалар үш топқа |

| | | |
|---|---|---|
| | Қатысушылар екі командаға бөлінеді. Әрбір командаға мынадай нұсқау беріледі, балалар берілген мінездеме мамандыққа сай екендігіқай айтулары керек. Қатысушыларға келесі мамандық мінездемелері ұсынылады: Ең ақшасы көп - бухгалтер, экономист. Ең жасыл - эколог, географ, бақташы, гүл өсіруші. Ең тәтті - аспаз ы, кондитер. Ең күлкілі -ш сайқымазақ, карикатурашы. Е салмақты - мұғалім, заңгер. ң «Мамандықтың бәрі жақсы» сюжеттік-рөлдік ойны. Балалар үш топқа бөлініп, үйге берілген тапсырмаға байланысты бір мамандықты ойнап береді ы (дәрігер, мұғалім, сатушы). Кубизм әдісі арқылы қорытындылау. | бөлініп, бір мамандық түрімен таныстырады. |

## №25

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Төрт түлігім - ырысым |
| Мақсаты | Төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту |
| Міндеті | Төрт түліктің пайдасы, олардан алынатын өнімдермен таныстыру. Сабақ барысында сөздік қорын байыту,ойлау қабілеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға, ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге үйрету |
| Көрнекіліктер | Төрт түлікке байланысты суреттер, дидактикалық материалдар, мақал-мәтелдер, Венн диаграммасы, жылжымалы диск, тұзды қамыр, сүт өнімдері |
| Әдіс-тәсілдері | Ойын, сөздік, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, көрнекілік, сызба, Венн диаграммасы,алгоритм |
| Билингвалдық компонент | Сиыр-корова, жылқы-лошадь, түйе-верблюдь, ешкі-коза,қой-овца |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Біздің топта ұл – қыздар,<br>Тату - тәтті жүреміз.<br>Тілек айтып өзара<br>Шаттықпенен күлеміз.<br>Жүрекшеміз сиқырлы<br>Тілекке толы әр түрлі.<br>Балалар мұғаліммен бірге:<br>Ұл сымбатты, қыз сұлу,<br>Болу үшін әмәнда.<br>Мұғалім: Денеміз, Балалар: Тік.<br>Балалар: Аяғымыз орнында,<br>Қолдарымыз партада, Ережені сақтаймыз, Сабақты енді бастаймыз.<br>-Балалар, біз қандай үй жануарларын білеміз?<br>-Үй жануарларын тағы қалай атауға болады? Төрт түлікке байланысты слайд көрсету. -Төрт түлік туралы өздерің не білесіңдер?<br>Д/о: «Ненің дауысы?».<br>Балаларға таспаға жазылған төлдердің дыбысын тыңдатамыз. –Балалар, өлкемізде мал шаруашылығына мән беріп, жеке кәсібі бар шаруашылықтар көп екен.<br><br><br><br>-Бұл жануарлардың барлығын төрт түлік дейді. Салыстыру: *Венн диаграммасы*<br>Ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.<br> | Балалар шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br><br><br><br>Орындарына отырады.<br>-Қазақстан Республикасында.<br>-Павлодар қаласында.<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Өз ойларын айтады, балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Слайд көреді.<br>Балалар дыбысты тыңдап, төлдерді дауысынан ажыратады.<br><br>(тақпақ, мақал, жаңылтпаш) |

| | | |
|---|---|---|
| | Түйе және сиыр. Үлкен үй жануары, екі көзі,екі құлағы, аузы, мұрны, 4 аяғы, өркештері, сабалақ жүні бар, бізге шұбат, көлік болады. Бірақ біздің өлкемізде түйе жануары өсірілмейді. Елбасымыздың болашақта өз еліміздің өнімдерін дүние жүзіне таныту керек дегендей біз елімізге аз да болса өз үлесімізді қосайық. Балалар біз бүгін 3 орталықпен жұмыс жасаймыз.<br>1.Ғылым орталығы:<br><br>Онда біз сүт өнімдерінің түрлерін зерттеп,танып білеміз.<br>а) сүт, қымыз, шұбат деген не?<br>б) сүттен жасалатын тағамдарды көрсету.<br>в) ет тағамдарын көрсету<br>2.Өнер орталығы:<br><br>Әжемізден құрт жасауды үйренеміз. Тұзды қамырдан құрт жасап, «Қазақстанда жасалған» маркасымен шығару.<br>3.Кітап орталығы:<br><br>Біз білімімізді одан әрі тереңдетуіміз керек.<br>а)Ойын: «Сиқырлы сандықша».<br>Жұмбақ жасыру<br>1.Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар (қой).<br>2.Апан-апан,<br>Ескі шапан, | (Еті, сүті, жүні, терісі және көлік болады)<br><br>Құрт жасайды.<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | Йір қобыз,<br>Жарық жұлдыз.<br>Сандықтан төлдер шығады.<br>ә) «Төрт түлік» өлеңі.Тірек-сурет арқылы жаттату.<br>Шопан ата өсірген қойдың төлі-қозы,<br>Қамбар ата өсірген жылқының төлі-құлын.<br>Зеңгі баба өсірген сиырдың төлі-бұзау,<br>Ойсыл қара өсірген түйенің төлі-бота.<br>Сексек ата өсірген түйенің төлі-лақ.<br>Әр төрт түліктің пірі болады.Шопан ата-қой т.б. Малдың баласын төл дейді.<br>Д/о: «Артық жануарды жасыр».<br>Суретті сызба бойынша мақал-мәтел құрау.Ауыл көркі-мал,өзен көркі -тал.<br>Жұмыстарын талдайды. Фишка алып орталақтарға ауысады. Ойын: «Жылжымалы диск». Мал төлдегенде қой қоздайды,сиыр бұзаулайды,бие құлындайды.түйе боталайды. Суреттегі жануарларды төлдерімен қоса айтып көр.Мысалы:Боталы түйе, қозылы қой т.б. | береді.<br><br>Жұмбақтың шешуін табады.<br><br>Орталыққа фишка арқылы бөлінеді. Орталықтарға ауысады.<br><br>Ойын ойнайды.<br><br>Суретке қарап, мақал құрайды. |

## №26

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Қазақ халқының қолөнері (тері, жүннен жасалған бұйымдар) |
| Мақсаты | Халқымыздың қайнар көзі – қазақтың ұлттық бұйымдары туралы ұғымды бала жадына кең, бай, мағыналы көлемде түсінік бере отырып, олардың шығу, жасалу, қолданылу тарихы туралы сыр шерту |
| Міндеттері | Қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Балаларды әсемдікті тани білуге баули отырып эстетикалық ой-өрісін дамыту |
| Көрнекіліктер | Суреттер, интерактивті тақта, сызба, кесте, кубизм ойыны, әріптер, мамандықтың құралдары |
| Билингвалдық компонент | тері-кожа, жүн-шерсть |

| | |
|---|---|
| Әдіс-тәсілдері | түсіндіру, сұрақ - жауап, ой қозғау,слайд, мұражайға саяхат |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | I. Ұйымдастыру кезеңі:<br>Сәлем берді халқыма,<br>Сәлем бердім жалпыға,<br>Сәлем беру кіреді<br>Ата дәстүр, салтыма.<br>- Балалар, біз бүгін сендермен мұражайға саяхатқа барамыз. Басқа бөлмеде жүннен, теріден, ағаштан жасалған бұйымдарды көрсету.<br>-Туған өлкеміздің ұлттық өнер өткен өмір еншісіне айналып, оған мән берілмей, кейбір бұйымдарымыздың көзі жоқ болуда, тіпті мұражайдан да таба алмайсың.Түріне қарай ағаштан, сүйектен, теріден, металл, текстиль материалдардан дайындалған болып бөлінеді. Оларға: киіз, тұскиіз, текемет, сырмақ, қоржын, алаша, аяққап, тұтқыш, ою-өрнек, құрақ құрау. Ағаш бұйымдары: сандық, кебеже, адалбақан. Зергерлік бұйымдар: сырға, білезік, сақина, бойтұмар.<br>Бұл бұйымдар аталған кезде ойға мынадай өлең жолдары оралады.<br>-Қандай шебер, қазақ қыздары, айтындаршы. Құрақты, оюлауды дөңгелетті.<br>Бүгін біздің өлкеміздің қолөнер бұйымдарының бірегеймен танысамыз. Төсеніш бұйымдары.<br>Тұскиіз - сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі.<br>Сырмақ - киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Екі түсті киізден жасалған немесе үстіне матадан ою басқан тігістеріне жиек басып, сырып жасайды. | Балалар шаттық шеңберіне жиналып, өлең жолдарын қайталайды.<br><br><br><br>Мұражайға саяхатқа барады.<br><br><br>Жаңа тақырыппен танысады.<br><br><br>Түрлерімен танысып, әңгімелейді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Балалар, қазір осы бұйымдардың теріден және жүннен жасау жолдарымен танысамыз. Слайд көрсету.Түлкі жүні. Малдың жүні халқымыздың тұрмысында кеңінен қолданылды. Оның ішінде қой және түйе жүндері ерекше орын алды. Киіз басу. Киіз басуға қойдың күзде қырқып алынған күзем жүнін пайдаланған. Алдымен, киізге арналған жүнді тазалайды.Ағашпен тулақтың жан-жағынан отырып алып сабаған. Жүн сабалып болған соң «тулақ шашу» деген ырым жасалады. Кілем тоқу. Әйелдердің қолөнерінің бір түрі — кілем тоқу. Кілемнің екі түрі — түкті кілем және тақыр кілем болады. Тері өңдеу. Мал терісі қазақ тұрмысында өте кең қолданылған шикізат. Әрбір іске әр түрлі терілер пайдаланылған. Өлкеміздің шеберлері оның әрқайсысына өзінше атау берген. Екі топқа бөлініп жұмыс жасау. 1 топ: Сырмақ басу. Жүнді түтіп, дайын үлгіге бастыру. 2 топ: Терідегі үлгіні моншақтармен безендіру. Кубизм әдісі арқылы қорытындылау. Балалардың сабақтан алған білімдерін тексеру. | Балалар кілемге жайғасып, ойын ойнайды. Балалар слайдты тамашалайды. Балалар екі топқа бөлініп, әр топ өз тапсырмасын орындайды. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. |

## №27

| | |
|---|---|
| Білім бөлімі | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Киіз үй |
| Мақсаты | Киіз үйдің құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру |

| | |
|---|---|
| Міндеттері | Киіз үйдің құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру. Дүниетанымын кеңейту. Ұлттық мұрамызды сақтауға тәрбиелеу. Байланыстыра сөйлеу мен тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру |
| Көрнектіліктер | Суреттер, интерактивті тақта, слайд, макет, сұхбат микрофоны |
| Билингвалдық компонент | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Киіз үй-юрта |

| Іс-әрекет кезені | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Балаларды шеңберге тұрғызу:<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын, іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жұмбақ жасырудан басталады:<br>Қаз қанатын жайды,<br>Үйрек мойнын созды,<br>Төбесіне аққу қонды /кереге, уық, шаңырақ/<br>-Қазіргі уақытта киіз үйді тек Наурыз мерекесінде, тойларда көреміз. Киіз үй-қазақтың жорыққа арналған жиналмалы үйі.Оны бар-жоғы бір сағат шамасында тігіп шығады, тігуге бүкіл отбасы қатысады. Киіз үй ескіріп, жарамсыз болған жағдайда оның барлық бөліктері ауыстырылып, жаңартылғанымен, шаңырақ сол күйінде қалады. Киіз үй күнделікті тұрмыста жайлы баспана, құтты қоныс болған.<br>Слайд арқылы киіз үй макетімен таныстыру.<br>1.Шаңырақ (күмбезделген дөңгелек төбе) Шаңырақтың шеңбері 3-5 метр шамасында болады. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін тоғын дейді, оған уық сұғатын төрт қырлы көз теседі. Тоғынның үстінен түндікті көтеріп тұру үшін айқастыра бекітілген ағаштарды қояды, оны күлдіреуіш деп атайды. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық | Өлең жолдарын қайталау.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұмбақ шешеді.<br><br>кереге, уық, шаңырақ.<br><br>Зейін қойып тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | түседі. 2.Уық (шаң ıрақты көтеріп тұғ аты н күмбез салдаулары) Уықтың кереге б ісына байланатын жағы ж алпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың діні дейді. Уықтың кереге бас ına байланатын ж ағын тесіп, бау өткізеді, оны уық бау деп ат айд ı. 3.Кереге (торкөзделген жайылмалы ағаш негіз) киіз үйдің не ізгі қаңқасын құрайды. Кереге қанаттардан тұрады. Қанат сағанақтан тұрады. Керегенің сағанақтары қиғаш орналасады. Бір қанатта 20 сағанақ болады. Сағанақтарды бір-біріне қиғаштап қайыспен байлайды. Қайыс түйе, жыл қы терісінен жасалады. 4.Есік (ағаштан жасалған ашпа) кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік сықырлауық деп аталады. Ол таб алдырық пен маңдайшадан, қос босағадан және жа ма беттен тұрады.Есіктің жарма беті нәзік өрнекпен безендірі ген.<br>Сергіту сәті:<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айн ілып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қабырғасы тор көз,<br>Төбесінд зор көз. (Кере е, Шаңырақ)<br>Тұмсығын тесіп, г<br>Жүннен бұйда ес іп,<br>Қазыққа байлад ı. (Уық )<br>Төбедегі көзінен<br>Күн сәуле сі түседі.<br>Бұрышы жоқ төрінен<br>Самал еркін еседі. (Киіз үй )<br>Жетпіс е і найзасы.<br>Біріктіріп тұрад ı. (Шаңырақ)<br>Бейнетас па арқылы киіз үйдің құрыл сын сипаттау. Жаңа сабақты пысықтау.ы<br>Практикалық саб а . Балалар ү ш пқ бөлінеді. қ то а<br>1-топ. Киіз үйдің құрылысын салып, | Балалар өлең жолдарын қайталап, жаттығуды жасайды.<br><br>Жұмбақ шешеді.<br><br>Бейнетаспаны тамашалайды.<br><br>Үш топқа бөлініп практикалық жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| | қорғайды.<br>2-топ. Киіз үйдің ішкі жасауларын бейнелеп, қорғайды.<br>3-топ. Жалпы киіз дің суретін қорғайды. үй салып<br>Сұхбат алу әдісі. Сұрақтар қойылады.<br>1. Киіз үй қандай бөліктерден тұрады?<br>2. Кереге қандай ағаштардан жасалады?<br>3. Киіз үйдегі қандай жасауларды білесіңдер?<br>4. Біздің Елтаңбамызда шаңырақ белгісі? ненің | орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді. |

## №28

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Ұлттық ойын - халық мұрасы |
| Мақсаты | Ұлттық ойындарды білу, күнделікті өмірде ойындарды ойнауға баулу |
| Міндеттері | Ойындардың түрлері туралы түсінік беру, әңгімелеп беруге үйрету. Байланыстыра сөйлеу мен тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық ойындардың пайдасын білуге тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Суреттер, интерактивті тақта, ойын құралдары |
| Билингвалдық компонент | Ойын-игра |
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын, ойлау |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушыл | Шаттық шеңбер:<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық<br>Бір жадырап алайық.<br>«Ой қозғау».<br>Интерактивті тақтадан (слайд) «Қазақтың ұлттық ойындары» суреттерін көрсету. Балалар қандай ойын түрлерін көргенін айтады.<br>-Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға | Балалар өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Интерактивтік тақтадағы суреттерді көріп, ойын түрлерін атайды.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| ық | байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын ойындар, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілері жүзден астам. Мысалы, «ақсүйек», «асық» ойындарының басты құралы мал сүйегі. Ол табиғи таза, адам ағзасына еш зияны жоқ құралдар. Қазіргі ойынға қажетті құралдар жасанды синтетикалық заттардан жасалады. -Біздің өлкеміздегі мерекелерде ойналатын ұлттық ойын түрлерін бейнетаспа арқылы таныстыру. (Қыз қуу, Асық тастау, Тоғызқұмалақ, Аударыспақ, Ақсүйек)<br>Сергіту сәті: «Тақия тастамақ», «Алтын асық» ойындары.<br>Ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру. Кезек- кезекпен асықтың түсі мен санын таңдап, сұрақтарға жауап береді.1.Көкпар ойыны немен ойналады? 2.Асықтың түрлерін ата. 3.Шеңбер ішінде иықпен ойналатын ұлттық ойын ...<br>Практикалық бөлім:<br>Балалар үш топқа бөлініп, ұлттық ойын түрлерін көрсетеді.<br>І-топ: «Қол күрес» ойнын көрсетеді, таныстырады.<br> | Бейнетаспадан ойындарды тамашалайды.<br><br>Ойынды ойнап көрсетеді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар асықты түстеріне қарай таңдау арқылы үш топқа бөлінеді.<br>Ойын түрлерін көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | ІІ-топ: «Сақина салу» ойнын көрсетеді.<br><br>ІІІ-топ: «Асық ату» ойнын көрсетеді.<br><br>Ассоциация арқылы сабақты қорытындылау:<br>тоғызқұмалақ<br>↑<br>бәйге ← Ұлттық ↔ көкпар<br>ойындар<br>↓<br>алтын сақа<br>Балаларды бағалау. | Балалар суреттер арқылы ұлттық ойын түрлерін атайды. |

**№29**

| | |
|---|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Өлкетану |
| Тақырыбы | Менің өлкемнің құрметті азаматтары |
| Мақсаты | Атақты азаматтардың еңбектері мен туған жерін айтып үйрету |
| Міндеттері | Балаларға өлкемізден шыққан әйгілі азаматтар туралы мәлімет бере отырып, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту. Ғалымның өнегесі мен еңбектері арқылы балаларды білімді, дарынды, өнегелі болуға тәрбиелеу, отансүйгіштік сезімдерін арттыру |
| Көрнектіліктер: | Тақырыпқа сәйкес сюжеттік суреттер, слайд |
| Билингвалдық компонент | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Құрметті- уважаемый |

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық<br><br>Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Өлең жолдарын бірге айтамыз.<br>*Қаламыз тамаша,<br>Құлпырады тамаша.<br>Күннен күнге көркейіп,<br>Қуанамыз балаша.<br>Балалар, енді орнымызға барып отырамыз. –Балалар, біз қай елде тұрамыз?* - Қай қалада? - *Қаламыздың көрікті жерлерін атаңдаршы.<br>- Қаланың қандай көшелерін білесіңдер? Балалар, көшелер, ескерткіштер біздің еліміздің құрметті азаматтарының аттарымен аталған.<br>Бүгін біз өлкеміздің құрметті адамдарымен танысамыз. Мен сендерге үйге тапсырма берген болатынмын. Қазіргі таңда біздің аймақта кімнің әжесі, атасы, ағасы құрметке, атаққа ие болды. Ол ардагер аталарымыз, қоғам үшін басын қатерге тиген адамдар, көп жыл еңбек еткен ұстаздар. Елімізге еңбегін сіңірген немесе қоғамға көмек көрсеткен адамдар болуы мүмкін. Бүгінгі сабаққа сендер суреттерін немесе мадақталған қағаздарын, медальдарың алып келулерің керек еді.<br>-Рахмет, жақсы. Ендеше қазір біз сендермен өлкеміздегі атақты адамдармен танысамыз, суретке назар аударамыз.<br>Мына суреттегі адам Сламбекова Рымкеш Хамитқызы. Ақсу қаласының құметті азаматшасы. Көп жылдары мұғалім, басшы болып еңбек еткен.* «Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» белгісінің, | Балалар шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Орындарына отырады<br>-Қазақстан Республикасында.<br>-Ақсу қаласында.<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Өз ойларын айтады, балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Балалар өз әжелері, аталары жайлы айтып қорғайды.<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Слайдты тамашалайды. |